



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *135*

город Астана

2019 жылғы 20 маусым - 5 шілде
аралығында өткізілетін
Ұлттық бірыңғай тестілеуге
дайындық туралы

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 және «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы туралы» 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрықтарына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілерінен өтініштер (құжат) қабылдау пункттерінің және ұлттық бірыңғай тестілеу өткізу пункттерінің (бұдан әрі – ҰБТӨП) тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ҰБТӨП мен базалық жоғары оқу орындары (бұдан әрі – ЖОО) және оларға бекітілген орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілерінен, сондай-ақ халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдардан өтініш (құжат) қабылдайтын желілік ЖОО-лардың тізбесі анықталсын.

2. ЖОО-лар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары ҰБТӨП-пен бірлесе отырып:

1) Ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі – ҰБТ) ұйымдастыру және өткізу, республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсы немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану немесе республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

2) Қағидаларда бекітілген тәртіпке сәйкес ҰБТ-ға қатысушылардың өтініштерін қабылдауды ұйымдастырсын;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (бұдан әрі – Ұлттық тестілеу орталығы) бірлесе отырып, ҰБТӨП-тердің қалыптастырылған аудиториялар қорының жоспарын 2019 жылғы 30 сәуірге дейін бекітсін;

4) Ұлттық тестілеу орталығы жүргізген ҰБТӨП-тердің техникалық құралдармен жабдықталуын және жарамдылығын тексеру мониторингінің қорытындысын есепке ала отырып металлездегіштермен, ұялы байланыс сигналдарын өшіретін және бейнебақылау құралдарымен қамтамасыз етсін;

5) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ҰБТӨП-тер бойынша мемлекеттік комиссия құрамына кандидаттар тізімін 2019 жылғы 15 сәуірге дейін электронды және қағаз нұсқада Ұлттық тестілеу орталығына ұсынсын.

3. ЖОО-лар ҰБТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдауды жүзеге асыру мақсатында ЖОО қызметкерлері арасынан техникалық хатшылар құрамын 2019 жылғы 1 сәуірге дейін анықтасын.

4. Ұлттық тестілеу орталығы (Р.С. Әлімқұлов):

1) ЖОО-лармен, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесе отырып, ҰБТ ұйымдастыру және өткізу жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізсін;

2) ҰБТӨП-тердің техникалық құралдармен жабдықталуына және жарамдылығына мониторинг жүргізсін және ақпаратты ЖОО-лар мен облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына 2019 жылғы 15 сәуірге дейін ұсынсын;

3) ЖОО-лармен, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларымен бірлесе отырып, 2019 жылғы 20 сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) бекіту үшін:

ҰБТӨП-тер бойынша мемлекеттік комиссия кандидаттарының құрамын;

Министрлік өкілдері мен программистер кандидаттарының тізімін;

апелляциялық комиссия төрағалары кандидаттарының тізімін;

техникалық қызметкерлер кандидаттарының тізімін ұсынсын;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 2019 жылғы 15 сәуірге дейін электронды және қағаз нұсқада Министрлікке Республикалық апелляциялық комиссия құрамына кандидаттар тізімін ұсынсын;

5) Қағидаларда белгіленген кестеге сәйкес ҰБТ-ға қатысушылардың деректер базасын қалыптастырсын;

6) өңірлерде Министрлік өкілдеріне оқыту семинарларын 2019 жылғы 22 сәуір – 4 мамыр аралығында өткізуді ұйымдастырсын;

7) ҰБТӨП-тердің ҰБТ-ға дайындығы туралы ақпаратты 2019 жылғы 1 маусымға дейін Министрлікке ұсынсын.

5. Министрліктің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (Ғ.С. Жұмашев) ҰБТ-ны өткізу кезінде Министрлік өкілі ретінде өңірлерге жіберілетін кандидаттар тізімін 2019 жылғы 15 сәуірге дейін Министрліктің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне ұсынсын.

6. Министрліктің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж. Тойбаев), Министрліктің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (З.Ә. Мақсұтова) осы бұйрықты ЖОО-лар мен облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының назарына жеткізсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.І. Ешенқұловқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**



К. Шәмшидинова



БҰЙРЫҚ

Отаураев 2019

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *135*

город Астана

**О подготовке к Единому
национальному тестированию,
проводимого с 20 июня по 5 июля
2019 года**

В соответствии с приказами Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 600 «Об утверждении Типовых правил приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования», от 2 мая 2017 года № 204 «Об утверждении Правил проведения единого национального тестирования» (далее - Правила), **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Определить:

1) перечень пунктов приема заявлений (документов) от выпускников организаций среднего образования текущего года и пунктов проведения единого национального тестирования (далее - ППЕНТ), согласно приложению 1 к настоящему приказу;

2) перечень ППЕНТ и базовых высших учебных заведений (далее – ВУЗ) и прикрепленных к ним линейных ВУЗов для приема заявлений (документов) от выпускников организаций среднего образования прошлых лет, технического и профессионального или послесреднего образования, а также выпускников организаций среднего образования, обучавшихся по линии международного обмена школьников за рубежом, а также лиц казахской национальности, не являющихся гражданами Республики Казахстан, окончивших учебные заведения за рубежом согласно приложению 2 к настоящему приказу.

2. ВУЗам, областным управлениям образования, городов Нұр-Сұлтан, Алматы и Шымкент совместно с ППЕНТ:

1) провести информационно-разъяснительные работы по организации и проведению единого национального тестирования (далее - ЕНТ), по вопросам конкурса на присуждение образовательного гранта за счет средств республиканского бюджета или местного бюджета или для зачисления в ВУЗ

на платной основе или для обучения по государственному образовательному заказу за счет средств республиканского бюджета;

2) организовать прием заявлений на ЕНТ согласно порядку, утвержденному Правилами;

3) до 30 апреля 2019 года, совместно с республиканским государственным казенным предприятием «Национальный центр тестирования» Министерства образования и науки Республики Казахстан (далее – Национальный центр тестирования), утвердить план аудиторного фонда, сформированный в ППЕНТ;

4) с учетом мониторинга наличия и исправности технического оснащения ППЕНТ, проведенного Национальным центром тестирования, обеспечить металлоискателями, глушителями сотовых связей и видеонаблюдением;

5) до 15 апреля 2019 года предоставить в Национальный центр тестирования список кандидатов в состав государственной комиссии по ППЕНТ в электронном и бумажном вариантах согласно приложению 3 к настоящему приказу.

3. ВУЗам до 1 апреля 2019 года для работы приема заявлений на ЕНТ определить технических секретарей из числа работников ВУЗа.

4. Национальному центру тестирования (Алимкулов Р.С.):

1) совместно с ВУЗами, областными управлениями образования, городов Нұр-Сұлтан, Алматы и Шымкент провести информационно-разъяснительные работы по организации и проведению ЕНТ;

2) провести мониторинг наличия и исправности технического оснащения ППЕНТ и до 15 апреля 2019 года предоставить информацию ВУЗам, областным управлениям образования, городов Нұр-Сұлтан, Алматы и Шымкент;

3) совместно с ВУЗами, управлениями образования областей, городов Нұр-Сұлтан, Алматы и Шымкент до 20 апреля 2019 года предоставить в Министерство образования и науки Республики Казахстан (далее – Министерства) для утверждения:

состав кандидатов государственной комиссии по ППЕНТ;

список кандидатов представителей Министерства и программистов;

список кандидатов председателей апелляционной комиссии;

список кандидатов технических работников.

4) до 20 апреля 2019 года предоставить в Министерство на утверждение состав кандидатов Республиканской апелляционной комиссии, в электронном и бумажном вариантах согласно приложению 4 к настоящему приказу;

5) формировать базу данных участников ЕНТ согласно графику, утвержденному в Правилах;

6) с 15 апреля – 4 мая 2019 года в регионах организовать обучающие семинары для представителей Министерства;

7) до 1 июня 2019 года представить в Министерство информацию о готовности ППЕНТ к ЕНТ.

5. Комитету по контролю в сфере образования и науки Министерства (Джумашев Г.С.) предоставить список кандидатур, направляемых в качестве представителей в Департамент высшего и послевузовского образования Министерства до 15 апреля 2019 года.

6. Департаменту высшего и послевузовского образования Министерства (Тойбаев А.Ж.), Департаменту дошкольного и среднего образования Министерства (Махсүтова З.А.) довести настоящий приказ до сведения ВУЗов и управлений образования областей, городов Нұр-Сұлтан, Алматы и Шымкента.

7. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на вице-министра образования и науки Республики Казахстан Ешенкулова Т.И.

8. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**Министр образования и науки
Республики Казахстан**

Шамшидинова



К. Шамшидинова